

Қазақстан Республикасының Оқу - ағарту министрлігі

(министрліктің немесе ведомствоның атауы)

Абай облысы Білім басқармасының «Көлік колледжі» коммуналдық

мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

(білім беру ұйымының атауы)

БЕКІТЕМІН

Колледж директоры

Нугымаров А.С.

« 29 » 08

2024 ж.



**Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар
санатына жататын білім алушыларға
әлеуметтік-психологиялық қызмет көрсету туралы
ереже**

Семей- 2024

I. Жалпы ережелер

1.1. "Көлік колледжі" КМҚК әлеуметтік-психологиялық қызметі жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санатына жататын білім алушыларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету үшін құрылған.

1.2. Осы ереже жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды және олардың қатарында кіретін колледжде білім алушыларды әлеуметтік-психологиялық және құқықтық сүйемелдеу жөніндегі осы қызметтің ұйымдық-әдістемелік негізін айқындайды.

1.3. Әлеуметтік-психологиялық қызмет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Білім туралы" Заңды, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және білім алушыларға білім беру және тәрбиелеу мәселелері жөніндегі білім беруді басқару органдарының заңдарын, шешімдерін, баланың құқықтары мен ересектердің балаларға қатысты міндеттері туралы негізгі құжаттарды (Бала құқықтары туралы конвенция, адамның құқықтары мен негізгі бостандықтары туралы халықаралық конвенция) басшылыққа алады.

II. Әлеуметтік-психологиялық қызметтің міндеттері мен бағыттары

2.1. "Көлік колледжіндегі" Әлеуметтік-психологиялық қызметтің мақсаты:

-жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және олардың қатарындағы адамдарға кәсіби өзін-өзі анықтауға, әлеуметтік бейімделуге және оларды қоғамға кіріктіруге жәрдемдесу.

Әлеуметтік-психологиялық қызметтің ең тиімді жүйесін құру білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, өз бетінше өмір сүруге, өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамытуға, оларды іске асыру дағдыларын игеруге және қабылданған шешім үшін жауапкершілікті сезінуге бағытталған.

2. 2. Қызметтің міндеттері:

-жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және олардың қатарындағы адамдарға кешенді психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік және құқықтық қолдау көрсету, жеке және әлеуметтік бейімдеуді жүзеге асыру;

- жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және олардың қатарындағы адамдарға әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық және өзге де әлеуметтік қызметтердің нақты түрлерін айқындау және ұсыну.

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды және олардың қатарындағы адамдарды өзін-өзі қамтамасыз ету және әлеуметтік бейімдеу мәселелерін шешуде білім алушыларды қолдау.

2.3. Қызмет бағыттары:

-жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және олардың қатарындағы адамдарға өмірлік қиын жағдайды еңсеруде әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық, құқықтық, кеңестік және өзге де көмек көрсету;

-жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың және олардың қатарындағы адамдарға жататын білім алушыларды әлеуметтік бейімдеудің жеке бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды және олардың қатарындағы адамдарды кәсіптік бағдарлау жөніндегі жұмысқа қатысу және жұмысқа орналастыруға көмек көрсету;

- мемлекеттік, муниципалдық және мемлекеттік емес органдар мен ұйымдарды (Халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру, жұмыспен қамту қызметі және т. б.), сондай-ақ қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктерді жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың және олардың қатарындағы адамдарға жататын білім алушылардың әлеуметтік бейімдеу мәселелерін шешуге тарту және олардың осы бағыттағы қызметін үйлестіру.

2.4. Қызметтің бағыттары жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды және олардың қатарына жататын адамдарды әлеуметтік қолдаудың нақты түрлеріне қажеттілігіне қарай түзетілуі мүмкін.

III. Әлеуметтік-психологиялық қызметтің ұйымдастырушылық құрылымы

3.1. Әлеуметтік-психологиялық қызмет "Көлік колледжі" КМҚК директорының бұйрығы негізінде құрылады.

3.2. Қызметтің басшысы лауазымдық міндеттеріне сәйкес бөлімше алдына қойылған міндеттерді іске асырудың тұтастығын қамтамасыз ететін басқаруды, үйлестіруді жүзеге асыратын директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары болып табылады.

3.3. Қызметтің құрамына кіретіндер:

- директордың ТЖ жөніндегі орынбасары;
- әлеуметтік педагог;
- педагог-психолог;
- топ кураторлары;
- тәрбиешілер;
- жатақхана меңгерушісі.

3.4. Қызметтің мамандары өз қызметтерін директор бекіткен лауазымдық нұсқаулықтарға, Әлеуметтік-психологиялық қызмет туралы ережеге толықтай сәйкес түрде жүзеге асырады.

IV. Әлеуметтік-психологиялық қызметтің функциялары

4. Қызметтің мамандары:

4.1. колледжде оқитын жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және олардың қатарындағы адамдарға олардың табысты әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында көмек көрсетеді, әлеуметтік қолдау шараларын көрсетуге жәрдемдеседі;

4.2. жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және олардың қатарындағы адамдарға құқықтық мәселелер және кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелері бойынша кеңес береді, қосымша мамандықты таңдау бойынша тиісті кеңестер алуға болатын кәсіптік бағдарлау орталықтары (пункттері) туралы хабардар етеді.